№10 Дәріс. Фразеологизмдер және символдық компоненттер.

Әлем бейнесі мен ұлттық мәдениет, халықтың салт-дәстүрлері мен сенімдері, сол тілде сөйлейтін халық тарихы көрініс табатын кез-келген халықтың фразеологиясы баға жетпес лингвистикалық қазына болып табылады. Мәдениет ұғымының кең мағынада қолданылатыны белгілі, біздің тұрғыдан мәдениет – халықтың немесе этникалық топтың материалдық, әлеуметтік және рухани өмірінің әр дәуірдегі, тарихи кезеңдегі немесе түрлі табиғи жағдайдағы дамуының кешенді түрде көрініс табатын антропологиялық түсінік.

Тіл – тілде сақталған фразеология – тек тілдің өткенінен ғана емес, сонымен қатар халық тарихы мен мәдениетінен мағлұмат беретін қазына. Фразеология құрамында сақталған қазіргі сөйлеушіге бейтаныс сөздер мен кейбір синтаксистік конструкциялар "өткен тарих көзі болып табылатыны сөзсіз. Сондықтан да фразеологияны зерттеу тілдік үрдістерді тек диахрондық тұрғыдан ғана емес, оның қазіргі дамуын да түсінуге мүмкіндік береді. Сөз мағынасының жүйелі дамуы, жаңа тілдік таңбалардың қалыптасуы, жаңа фразеологиялық қолданыстардың пайда болуы (мәселен, *тұсау кесер* "презентация") және т.б. тілдегі семантикалық үрдістер – фраземаларды осы тұрғыдан зерттеуді қажет ететін факторлар.

Тіл бірліктерін фраземалық бірліктер деп бөліп қарастыру мынандай шарттарға негізделген: ішкі формасынан толығымен айырылған, құрамындағы компоненттер лексикалық мағынасынан айырылған, бүтін тіркес пен оның құрамындағы бірліктердің мағынасы арасында ешқандай байланыс жоқ, тіркес тұрақтылығы мен мағына тұтастығы сақталған, тұйықталған құрылымға ие, кемінде толық мағыналы екі сөзден тұратын тіркес. Тағы да айта кететін фраземалық қасиет – фраземалық мағына лексикалық мағынадан ерекшеленеді, қандай да бір себептер барысында пайда болған фразеологиялық мағына тілде қалыптасқан жүйеге кіреді және оның мағыналық (семантикалық) заңдылығына толығымен бағынады. Сол тілде сөйлейтін халықтың тілі мен мәдениетінің арасындағы байланыс бар екендігі көпшілікке мәлім [Телия, 1966, Қайдар, 1998, Смағұлова, 1998]. Идиомалық тіркестердегі ең алдымен көзге түсетін қасиеттер – бұл тіркестер адамдардың өмірі, қоғамдағы орны, мінез-құлықтары, бір-бірімен қарым-қатынасы негізінде қандайда бір оқиғаны, ситуацияны саналы түрде ой елегінен өткізу нәтижесінде пайда болған.

Идиомаларда сақталған мәдени мағлұматтар – тілдік ұжымдардың өмір сүру ортасымен, көзқарастарымен тікелей байланысты нақты тілдік социумның эталондары мен стреотиптері жинақталған бейнелі, уәжделген ішкі формасының жемісі. Сондықтан да идиомаларда тілдік ұжым мүшелерінің когнитивтік қызметі көрініс табады, олар сол тілде сөйлеушілердің әлем туралы тұрпайы (қарапайым) түсінігіне (дүниедегі болып жатқан құбылыстарға көзқарастары, қарым-қатынастары және т.б.) негізделген.

Сондықтан да тілдің күшіне, оның құдіретіне тең келетін құралдар әлемде кемде-кем. К. Леви-Стросс – егер адамдар жаратылысынан тілдік мағлұматтарды заңдылықтар негізінде қабылдап, ой елегінен өткізе алатын қабілеті болмағанда, адамның санасына бақсылар мен шамандар, психоаналитиктер әсер еткенде көрінетін үрдістер мүмкін болмайтын еді – дейді [К. Леви-Стросс, 1985; 205 б.].

Сұхбаттасушыға әсер ететін тілдік құралдардың көрнектісі, тіл құдіретінің көрініс табатын ең күшті бояулары мен салмағының көрінер тұсы, әрине осы бейнелі идиомалар болып табылады. Идиомалық тіркестер алғыс пен қарғысты *(көсегең көгерсін!, Құдай атқыр!),* өлім мен өмірді *(жаны кіру, көз жұму),* ақ пен қараны *(ақ көңіл, қара ниет),* жақсылық пен жамандықты *(басы көкке жету, қара басына көріну),* қуаныш пен бақытты *(екі езуі екі құлағына жету, төбесі көкке жету)* және т.б. сезімдерді бейнелі түрде беріп қана қоймайды, сонымен қатар келешекте уәждің бір түрі болатын әр түрлі символдар туындайды.

Кез келген тілде халық санасында қалыптасқан символдар болады, ол символдар әрқашан уәжделеді, яғни олар дәлелді. Тіл-тілдің идиомасында фразема жасайтын символдық компоненттер болады, оларды кейбір ғалымдар ұйытқы компоненттер деп

атайды. Осы символдар барлық тілдерге ортақ болып келеді. Мәселен, адамның дене мүшелері негізінде қалыптасқан соматикалық фразеологизмдер кез келген тіл үшін фраземажасамның ең өнімді түрі болып табылады. Мәселен, түске байланысты, жан-жануарға байланысты, санға байланысты және т.б. символдар – әлем тілдеріне ортақ тілдік құбылыс. Бұл ортақ қасиеттер тек тілмен ғана емес, адамдардың қоршаған ортасымен, табиғатпен, қоғаммен, өмір сүру тіршілігімен де тікелей байланысты. Объективті өмір сүру ортасы мен өмірдің нақты материалдық, әлеуметтік жағдайы сол халықтың тілінде, соның ішінде идиоматикасында да көрініс тапқан. Сондықтан да фраземалардың түп-төркінін әріден іздеген жөн.

Адам баласы отқа, суға, көп құдайға табынған шағынан-ақ талай заттарды киелі санап, оларға өздерінше лақап ат қойған. Қазақ тілінде ежелден келе жатқан *Қамбар ата (жылқышы ата), Шекшек ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Шопан ата* тәрізді тіркестер ескі наным-сенім бойынша төрт түлік малдың сақтаушысы, қорғаны, мифологиялық иесі бар деген ұғымнан қалыптасқан.

Сонымен қатар қазақ халқы өзінің өткен тарихында көрші елдермен экономикалық, мәдени қарым-қатынастар жасаған. Тілде осы қатынастар негізінде туындаған фраземалар кездеседі. Мәселен, *Атымтайдай жомарт бол; Наушаруандай әділ бол; Аплатондай ақылды; Барар жерің Балқан тау, ол да біздің көрген тау; Ұлын Ұрымға, қызын Қырымға* және т.б. фраземаларда өзге елдің атақты адамдар аттары (антропонимдер) мен жер атаулары (топонимдер) сақталып қалған. Нақтырақ айтсақ, Атымтай – араб елінен, Наушаруан – Иранннан, Аплатон – грек жұртынан, Ескендір – парсы, Ұрым (Рим), Қырым, Балқан, Кавказ жеріндегі атаулар. Мысалдардан көрініп тұрғандай, фраземалық таңбалар өздерінің ерекше қасиеттеріне орай тек ситуацияны көрсетіп қана қоймайды, оларға баға да береді. Бірақ баға бере отырып, фольклорлық шығармалармен салыстырғанда, фраземаларды үйрету, мораль айту мазмұны жоқ, бұл жағынан келгенде, идиомалар мақал-мәтелдерден гөрі, лексикалық бірліктерге жақын. Тіл-тілдегі фраземалар – халықтың әр кезеңдегі тұрмыстық, әлеуметтік тәжірибесінің негізінде пайда болған, бойына ғасырлар құпиясын атадан балаға мұра ретінде сақтаған элементтер.

Фразеологиялық бірліктердегі уәжділік тілдік символдармен тікелей байланысты. Ішкі форма теориясын жан-жақты қарастырған ғалым Шарль Балли – сөйлеушінің бет-әлпеті мен адресатқа айтайын деген ойының арасында символдық байланыс бар дейді. Біздің сөйлеу мүшелеріміз біздің санамыздан тыс қол, саусақ, бас, көз және т.б. мүшелер сияқты символдық қимылдарды қайталайды. Мәселен, үлкен бір нәрсе туралы айтқан кезде екі қолымызды екі жаққа жаямыз немесе керісінше, кішкентай нәрсе туралы айтқанда оларды біріктіреміз. Осы мәселе тұрғысынан сөз қозғап, өзіндік пікір айтқан итальян тілінің фразеологиясын зерттеуші Т.З. Черданцева төмендегідей тұжырым келтіреді "... мы широко открываем рот, желая произнести vaste, large, grand b т.п. (ср. *широкой, обширный, большой),* мы вытягиваем губы, произнося long, profound (ср.длинный, глубокий)"[Т.З. Черданцева, 2000; 10-38 бб.].

"Символ" терминіне лингвистикада және әдебиеттануда әр түрлі анықтама беріліп жүр. Әдебиетте символ дегеніміз – ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпыхалықтық тілде кездесетін символда бір нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің, не ұғымның жай баламасы ретінде алу арқылы жасалады. "... Әдебиеттегі, поэзиядағы символ көбінесе келістіріліп жасалған, астарлық мағынасы терең бүтін бір сурет-бейне қалпында көрінеді..." [Әдебиеттану терминдер сөздігі, 1998; 299 б.].

Символ мен символдану мәселесіне көп көңіл бөлген ғалым, Т.З. Черданцева, былай дейді: "Итальян философы ДЖ. Вико адамзат қоғамының тарихын спиральдің орамы ретінде қарастырады. Бұл оралымдар адамның үш кезеңінен – балалық, жастық және кемелдік шақтан тұрады, әр оралымға тілдің даму кезеңі сәйкес келеді. Мәселен, екінші оралым – жастыққа символдық тіл сәйкес келеді. Бұл кезеңде метафорамен, теңеумен,

аналогиямен сөйлеу басым болады, сондықтан да тілдегі символ оның бейнелі жағымен байланысты", – дейді [Т.З. Черданцева, 2000; 42 б.].

Герменевтика ғылымының өкілі П. Рикер символ туралы ойларын жинақтай келіп, "Называю символом всякую структуру значения, где один смысл- косвенный, вторичный, иносказательный, который может быть понять лишь через первый" [П. Рикер, 1995; 8 б.]. Тілдік символдардың табиғаты – осы анықтамаға жақындау.

Тіл қолданысындағы когнитивтік негіздерге логика-ұғымдарымен байланыста зерттеген ғалым Қ. Жаманбаева символдың табиғатына тоқтала келіп: "Детерминацияның терең көздерін қозғап, санаға жеткізу көп жағдайда мүмкін болмағандықтан, көп процестердің ішкі себептерін біле алмай, адам баласы көп адасады. Әрине, бұл жерде адам баласына көмекке келетін психологиялық-әлеуметтік, рухани таңбалар – символдар. Бірақ символ тілін түсіну үшін сана жетілу қажет", – деп символдарға "рухани таңба" ретінде қарайды [Қ. Жаманбаева, 1998; 34 б.].

Сөздің атауыш (номинатив) және ауыс мағыналарын талдай келіп, Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиұлы былай дейді: "Сөз мағынасы – дамып, жетіліп отыратын құбылыс, сондықтан сөздің негізгі мағынасы атауыш немесе тура мағынамен шектеліп қоймайды. ... Сөздің атауыш тура мағынасының негізінде туып өрбіген, бір тілде сөйлейтін адамдарға түсінікті, қауым танығаң ауыс, нақты, абстракты меңзеу мағыналары болады, бұлардың бәрі сөздің негізгі лексикалық мағыналарының түрлері болып табылады" [Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиұлы, 1997; 78 б.].

Біздің қарастырып отырғанымыз – тілдің эволюциялық жолымен дамып, өрбіген, соның негізінде туындаған символдар. Атауыш мағынадағы сөздердің ерекше қасиеттері олардың ішкі мағынасында жатыр. Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше, ол ерекшелік символ-сөздердің танымдық, ұлттық мәдени, фондық мағыналарын сол тілде сөйлейтін халықтың дүниені тануы мен құбылыстарға баға беруімен, әлемнің тіл бейнесімен тығыз байланысты. Мысалы, "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде" *қара* сөзінің тоғыз тура және ауыс мағыналары берілген [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1974-1986; 35-36 бб.]. Бәрімізге белгілі қара сөзінің негізгі мағынасы – "күйенің, көмірдің түсіндей түс, бояу". Аталмыш мағына *қара* сөзінің ең негізгі символдық мағынасы болып табылады. Осы негізден өрбіген жағымсыз "арсыз, зұлым, жауыз, жексұрын, мейірімсіз, ұятсыз" және т.б. мағыналар көптеген фраземалардың шығуына ұйытқы болған: *қара жүзді, жүрегі қара, қаны қара, қара бауыр, қара бет* және т.б. Немесе тілдегі қарғыс мағынадағы фраземалар: *Аузыңа қара қан толғыр! Қара байланғыр! Қан жауғыр! т*.б.

Ал түстік, сындық мағына беретін *қара* сөзінің не үшін жоғарыдағы мағыналарға ие болғанын қазіргі тілдік тұрғыдан дөп басып түсіндіру мүмкін емес. Кез келген сөздің ішкі, көзге көріне бермейтін мағыналары, әсіресе, фразеологиялық байлаулы мағыналарда айқын ашылады. Әр түрлі әлеуметтік себептер барысында (діни көзқарастар, табу және эвфемизм және т.б.) нақты тілдік ұжымдарда денотаттың символдануының негізінде жаңа қолданысқа ие болған. Бұл жерде нақтылай кететін фактор – сөздің жаңа мағынаға ие болуы емес, оның белгілі бір ситуацияда немесе контексте жаңа қолданысқа түсуі. Аталмыш жайт таңбаланушы денотаттың символдану үрдісін көрсетеді.

Адамзат сөздің символдық қуатын сезінуге өмір бойы үйреніп келеді. Ол үшін адамға ерекше жан дүние, рухани қазына керек. Сөз жаңа үшінші дүниені – бейнелі дыбыстар әлемін жасайды, – дей келе когнитивистиканың таңдаулы маманы А. Белый сөздің құдіреті мен оның күшін былай дейді "... сөз арқылы меннен тыс тіршілік етіп тұрған дүниенің құпиясы да, менің жанымда орныққан ішкі дүниенің жасырын сыры да жарыққа шығады. Сыртқы дүние менің жаныма нұр болып құйылады, ішкі дүние меннен шығып, таң шапағы, ағаштардың сыбдыры боп төгіледі. Сөзбен, тек қана сөзбен мен іштей де, сырттай да қоршаған дүниені жасай аламын, өйткені мен өзім – сөзбін, тек қана сөзбін. Мен сөзден ғана тұрамын" [А. Белый, 1994; 131 б.].

Әдетте нақты денотаттың символдану үрдісі әр халықта әр түрлі болып келеді. Мысалы, хас батырды түркі халықтары *жүрекпен* байланыстыра (*жүректі, ер жүрек,*

жүрек жұтқан), француздардың *асқазанымен,* итальяндықтардың *бауырымен* байланыстырады екен және т.б.

Дәл осы қалыпдағы фразеологиялану үрдісінің не үшін, қашан, қандай ситуацияда пайда болғанын бүгінгі тілдік фактілер негізінде дәлелдеу мүмкін емес, бірақ фразема жасауға ұйытқы символ сөздердің табиғатын ашу барысында әр халықтың әдет-ғұрпын, салт-санасын, дүниетанымы мен мәдениетін, этнографиясы мен тарихын және т.б. әлеуметтік, саяси, қоғамдық факторларды ескерген жағдайда олардың уәждерін ашуға болатыны сөзсіз.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.

2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.

3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.

4.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.

5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.

6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.

7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.

8. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.

9.Сағидолла Г. С. «Түркі – моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология». – Астана, 2011.

10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 190 б